

Клиникалық жағдай: «Диффузды-токсикалық зоб 2-ші дәрежесі және жүргізу тәсілі».

Ситуациялық есеп: Сіз – кезекші дәрігерсіз. Қабылдау бөліміне К. есімді 12 жасар науқас келіп түсті.

Тапсырма:

- Анамнез жинаңыз және науқасты қарап тексеріңіз.
- Зертханалық зерттеулердің мәліметтерін интерпретациялаңыз.
- Диагноз қойыңыз.
- Науқасты жүргізу тәсілін анықтаңыз.

Қорытынды нәтиже(outcomes):

- Қалқанша бездің ауруы бар науқастан сұрақ –жауап алу және физикалды қарап тексеру.
- Диффузды-токсикалық зоб 2-ші дәрежесінің клиникалық диагностикасы.
- Алынған зертханалық мәліметтердің интерпретациясымен артериялық қысымды өлшеу, ЭКГ интерпретациясы.
- Қалқанша бездің ауруы бар науқасты жүргізу тәсілі, функционалды жағдайын бақылау.
- Науқаспен тиімді қатынас орнату және қорқыныш сезімін басу

«Диффузды-токсикалық зоб 2-ші дәрежесі және жүргізу тәсілі»
 медициналық симуляцияны
 бағалау парағы (check-list):

№	Қадамдарды бағалау критерийлері	Балл бойынша бағасы		
		Дұрыс орындалды	Ескертулермен орындалды	Орындалмады
1	Анамнез жинау. Барлық сұрақтар қойылды ма?	1,0	0,5	0
2	Физикалды зерттеуді- қарап тексерудің дұрыстығы және кезектілігін сақтауы.	2,0	1,0	0
3	Қалқанша безді пальпациялаудың дұрыстығы.	2,0	1,0	0
4	Медициналық симуляция жағдайында берілген симптомдар интерпретациясының дұрыстығы.	2,0	1,0	0
5	Артериялық қысымды өлшеу техникасын және нәтижесін интерпретациялауды бағалау.	1,0	0,5	0
6	Болжам диагнозды негіздеу.	1,0	0,5	
7	Зерттеу жоспарын тағайындау: ЖҚА, тиреоидты гормондар Т3, Т4 деңгейін, сонымен қатар ТТГ деңгейін анықтау, ЭКГ, қалқанша бездің УДЗ.	1,0	0,5	0
8	Салыстырмалы диагностика жүргізу.	1,0	0,5	0
9	ЭКГ, қалқанша бездің УДЗ интерпретациясы	2,0	1,0	0
10	ЖҚА интерпретациясы	1,0	0,5	0
11	Тиреоидты гормондардың Т3, Т4 деңгейі, сонымен қатар ТТГ деңгейінің интерпретациясы	1,0	0,5	0
12	Қорытынды диагнозды негіздеу	1,0	0,5	0
13	Емдеу тәсілін анықтау	2,0	1,0	0
14	Емнің тиімділігін бақылау	1,0	0,5	0
15	Науқаспен тиімді қатынасты орнату	1,0	0,5	0
БАРЛЫҚ балл саны				

Стандартты әртiске (науқасқа) арналған сценарийдiң мәтiнi және оның рөлi туралы түсiнiк:

Шағымдары: әлсiздiк, арықтау, кейгiштiк

Сұрақтың мәні	Әртiске арнап құрастырылған сұрақтар	Жауабы
Әлсiздiктiң, арықтаудың пайда болуы	Қашаннан берi арықтай бастадыңыз?	1 айдың шамасында арықтай бастадым. Әлсiздiк кенеттен пайда болды, тiптен отыруға әлiм жетпейтiн болды. Қолдарымнан кесеммен қасықтарым түсетiн болды. 2 апта бұрын себпесiзден арықтай бастадым.
Кейгiштiктiң пайда болуы	Кейгiштiктiң пайда болуын енемнi түсiндiресiз. Дауласып қалатын жағдайлар болды ма?	Себепсiз жылайтын болдым, құрбы қыздарыммен ренжiсiп, ұрысатынды шығардым. Тiптен анаммен де жиi керiсiп қалатын болдым. Анам маған өтпелi кезеннiң ауыр өтiп жатқандығын айтады, дауласып қалатын жағдай болмады.

Анамнезiнде: 12-жасар қыз бала педиатрға жолданды, мектептегi үлгермiнiң нашарлауына, назарын жинақтай алмауына байланысты. Педиатрдың жазбасына сәйкес, қыз бала осыдан 6 ай бұрын келгендегiмен салыстырғанда 2,5 кг шамасында салмағын жоғалтқан.

Объективтi: бойы 150 см, салмағы 30 кг, дене бiтiмi астеникалық, терiсi жылы, ылғалды. Жүрек үндерi ырғақты, дыбысты; жүрек ұшында, Боткин нүктесiнде систолалық шу естiледi. ЖЖЖ – 110 сокқы минутына. АҚҚ 130/50 мм сын.бағ. қарап тексеруде қалқанша безi көзге байқалады, мойынның алдыңғы жағын деформациялап тұр. Пальпация кезiнде екi жақ бөлiгi де, мойындырығы ұлғайған, қалқанша безi диффузды жұмсақ эластикалық консистенцияда. Ромберг қалпында – кол саусақтарының ұсақ амплитудалы треморы бар.

1. Жалпы қан анализі

Эритроциттер – $3,8 \times 10^{12}/л$

Гемоглобин – 134 г/л

Лейкоциттер – $8,3 \times 10^9/л$

Нейтрофилдер:

Т/я - 2

С/я - 31

Эозинофилдер - 2

Лимфоциттер - 57

Моноциттер – 8

ЭТЖ – 7 мм/сағ.

2. Жалпы зәр анализі

Түсі - сары

Салыстырмалы тығыздығы- 1015

Реакциясы - қышқыл

Мөлдірлігі - толық

Қан-теріс

белок -теріс

эпителий жасушалары- 1-2 к/а

лейкоциттер- 1-2 к/а

эритроциттер бірлі - жарым

3. Гормонды профілі:

ТТГ 0.3 мХБ/л көп емес,

бос Т4 119 нмоль/л,


бос Т3 90 нмоль/л

(қалыпты жағдайда

0,5 нмоль/л көп емес).

4. ЭКГ :

Синусты тахикардия, ЖСЖ 110 сокқы мин.



5. Қалқанша безінің УДЗ:

Қалқанша безі (ҚБ) көлемі ұлғайған
2-ші дәрежеге дейін, біртекті,
эхотығыздығы жоғарылаған.

«Диффузды-токсикалық зоб 2-ші дәрежесі және жүргізу тәсілі»
медициналық симуляцияның жауап эталоны

№	Қадамдарын бағалау критерийлері	Жауап эталоны
1	Анамнез жинау. Барлық сұрақтар қойылды ма?	Бас ауруының сипатын нақтылау Анамнеза morbi, vitae
2	Жалпы қарап тексерудің реттілігі мен кезектілігін сақтады ма?	Терісінің жағдайын, ауырлық жағдайын бағалау
3	Қалқанша безін физикалды қарап тексеруді жүргізудің дұрыстығы	Қалқанша безіне дұрыс пальпация жасаудың техникасы
4	Медициналық симуляция жағдайында берілген симптомдар интерпретациясының дұрыстығы	Жүрек ұшында систолалық шу, тахикардия, артериялық қысымның жоғарылауы
5	Артериялық қысымды өлшеу техникасын және нәтижесінің интерпретациялануын бағалау	АҚ өлшеу бойынша тәжірибелік дағдылар–манжетті кигізу, АҚ нәтижесін интерпретациялау
6	Болжам диагнозды негіздеу	Диффузды-токсикалық зоб 2-ші дәрежесі және жүргізу тәсілі
7	Зерттеу жоспарын тағайындау	ЖҚА, тиреоидты гормондар Т3, Т4 деңгейін, сонымен қатар ТТГ деңгейін, ЭКГ анықтау. Қалқанша бездің УДЗ, АҚ тәуліктік бақылау
8	Салыстырмалы диагностика жүргізу	Біріншілік, екіншілік артериялық гипертензиямен, вегето-тамырлық дистониямен салыстыру
9	ЭКГ интерпретациясы	Синусты тахикардия, қарыншалар миокардында реполяризация үрдісінің бұзылысы
10	ЖҚА интерпретациясы	ЖҚА – қалыпты деңгейде
11	Қалқанша бездің УДЗ интерпретациясы	Қалқанша безінің көлемі ұлғайған, біртекті, эхотығыздығы жоғарылаған
12	Қорытынды диагнозды негіздеу	Диффузды-токсикалық зоб 2-ші дәрежесі
13	Емдеу тәсілін анықтау	Анаприлин мөлшері 1-3 мг/кг тәулігіне әрбір 6-8 сағ. 3-4 апта бойына. Анаприлинмен бірге тиреостатик – мерказолил максималды мөлшері 0,5-1 мг/кг тәулігіне 2-3 рет 5-6 апта бойына тағайындалады.
14	Емнің тиімділігін бақылау	Жалпы жағдайының жақсаруы. Артериялық қысымы қалпына келуде. Қалқанша безі көлемінің кішіреюі.
15	Коммуникативті дағдылар	Наукаспен тиімді қатынасты орнату және коркыныш сезімін басу
БАРЛЫҚ балл саны		

Симуляцияның жабдықталуы:

1. Тапсырма бар қағаз, волонтерға (еріп жүрген адамға, ата-анасына) арналған сценарий, қадамдарын бағалау критерийлері.
2. ЖҚА, гормондардың профилі, ЭКГ, қалқанша безінің УДЗ нәтижелері.
3. Фонендоскоп, тонометр

1. **әртiс** – наукас, 2. **әртiс** – медбике немесе дәрігердің көмекшісі

Жағдай: оқу бөлмесі – қабылдау бөлімі.

1. Кушетка
2. Аспаптарға арналған үстел, препараттар